

А.Д. Тастанова¹ *, Г.А. Абдуразакова² , Қ.С. Бағашаров³ 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Қазақ ұлттық қыздар педогогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

³СДУ университеті, Қаскелең., Қазақстан.

*e-mail: Tastanovaassem90@gmail.com

ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТЕ ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛДЕР ТӘЖІРИБЕСІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Экстремизм мен оның ең «шектен» шыққан түрі – терроризм мәселесі адамзатқа қарсы тұруға бағытталған жаңа құбылыс емес. Мысалы, ежелгі заманның өзінде деспоттық басқарушылар мен беделді тұлғалар билік пен үстемдік үшін басқаларды жою құралы ретінде экстремизмді пайдаланған. Осы мәселеге байланысты автор экономикалық жағынан дамыған елдердің жаһандық экстремизм және терроризм проблемасын шешуге бағытталған іс-қимылдары мен халықаралық-құқықтық негізіндегі тәжірибесіне өзіндік ғылыми шолу жасады.

Мақаланың мақсаты халықаралық нормаларға сай адамдардың өмірі мен денсаулығын, құқықтары мен бостандығын, сондай-ақ мүдделерін экстремистік әрекеттерден қорғауға бағытталған өркениетті елдер тәжірибесінің маңыздылығын қарастыру. Негізгі мәселелерді талқылаумен қатар, бүгінгі таңда бүкіл әлемде орын алып жатқан экстремизм мен лаңкестік әрекеттердің әртүрлі бағыттарымен күрес жүргізу үшін халықаралық деңгейде қарсы тұру мәселесіне қатысты өз идеяларын ортаға салған зерттеушілердің пікірлері мен тұжырымдарын ұсыну. Зерттеу нәтижесі экстремистік және лаңкестік топтарды қару-жарақ қолдану арқылы қырып-жою мүмкін еместігін көрсетеді. Сондықтан экстремизмнің пайда болуына себеп болатын факторларды объективті түрде зерттеп, олармен «үйлесімді диалог» орнату керек.

Түйін сөздер: экстремизм, халықаралық қоғамдастық, діни-фанатизм, зорлық-зомбылық, жаһандық қауіпсіздік, әлеуметтік проблема.

A.D. Tastanova¹ , G.A. Abdurazakova² , K. S. Bagasharov³ 

¹Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

²Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

³SDU University, Kaskelen, Kazakhstan

SOME PROBLEMS OF THE EXPERIENCE OF CIVILIZED COUNTRIES IN THE FIGHT AGAINST EXTREMISM

Abstract

The problem of extremism and its most «extreme» form – terrorism is not a new phenomenon aimed at confronting humanity. For example, even in ancient times, despotic rulers and powerful figures used extremism as a means to eliminate others for the sake of power and dominance. In connection with this issue, the author conducted a scientific review of the actions of economically developed countries aimed at solving the problem of global extremism and terrorism, and their experience based on international legal norms.

The purpose of the article is to consider the significance of the experience of civilized countries aimed at protecting the life and health, rights and freedoms of a person, as well as his interests from actions of an extremist nature, in accordance with international standards. In addition to discussing the main issues, the article presents the opinions and conclusions of researchers who share their ideas

on the issue of combating various forms of extremism and terrorism in the context of globalization. The results of the study show that extremist and terrorist groups cannot and will not be eliminated by means of weapons. Therefore, it is necessary to objectively study the factors that contribute to the emergence of extremism and establish a «harmonious dialogue» with them.

Keywords: extremism, international community, religious fanaticism, violence, global security, social problem.

Тастанова А.Д.¹, Абдуразакова Г.А.², Багашиаров К. С.³

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

²Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан

³Университет СДУ, г. Каскелен, Казахстан.

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОПЫТА ЦИВИЛИЗОВАННЫХ СТРАН В БОРЬБЕ С ЭКСТРЕМИЗМОМ

Аннотация

Проблема экстремизма и его самой «крайней» формы – терроризма - не является новым явлением, направленным на противостояние человечеству. Например, даже в древние времена деспотичные правители и могущественные фигуры использовали экстремизм как средство устранения других ради власти и господства. В связи с этим вопросом автор провел научный обзор действий экономически развитых стран, направленных на решение проблемы глобального экстремизма и терроризма, и их опыта, основанного на международно-правовых нормах.

Целью статьи является рассмотрение значимости опыта цивилизованных стран, направленного на защиту жизни и здоровья, прав и свобод человека, а также его интересов от действий экстремистского характера, в соответствии с международными стандартами. Помимо обсуждения основных вопросов, в статье представлены мнения и выводы исследователей, которые делятся своими идеями по проблеме борьбы с различными формами экстремизма и терроризма в условиях глобализации. Результаты исследования показывают, что экстремистские и террористические группировки нельзя и невозможно ликвидировать с помощью оружия. Поэтому необходимо объективно изучить факторы, способствующие возникновению экстремизма, и наладить с ними «гармоничный диалог».

Ключевые слова. экстремизм, международное сообщество, религиозный фанатизм, насилие, глобальная безопасность, социальная проблема.

НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАР

Мақалада экстремизммен күресте өркениетті елдердің ұстанымы мен оның іс жүзінде қалай жүргізіліп жатқаны туралы тәжірибесінің кейбір мәселелері туралы талдау қарастырылады. Қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени, діни және саяси жағдайлардың дамуы экстремизмнің алдын алу шаралары адамзаттың болашақта өмір сүруінің басты шарты ретінде үлкен мәнге ие екенін көрсетеді. Дегенмен экстремизмнің және оның кез-келген түрлерінің қауіп-қатерлері өте күрделі мәселе, сондықтан онымен күресті халықаралық деңгейде қолға алу бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болғандықтан, отандық ғалымдар арасында көбірек көңіл бөлуді қажет етеді. Осы мәселеге қатысты зерттеу жүргізе отырып экстремизмге қарсы экономикалық жағынан дамыған елдердің тәжірибесі, экстремизмнің ұғымдық мәні, оның белгілері мен түрлері және сәйкестік дағдарысы сияқты мәнін анықтап алған жөн. Өйткені бұл бізге экстремизммен күресте «алпаут елдердің» жүргізіп отырған саясатының еліміз үшін қаншалықты маңызды екенін жан-жақты зерделеуге мүмкіндік береді. Осылайша жаңа көзқарастар негізінде дінді саясиландыру үдерісінің күшеюі антигуманизмнің, оның ішінде экстремизм мен терроризмнің «шеткі» түрлеріне алып келетіні анықталды. Бұл

мәселеге ерекше назар аударуға жекелеген елдердегі лаңкестік оқиғалар, одан кейін Таяу Шығыста өршіп тұрған қанды қырғындар түрткі болды деп басқа жаққа сілтей бермей-ақ елімізде орын алған қасіретті «қаңтар оқиғасы» да экстремизмнің рөлін анықтауға мүмкіндік береді. Қорытындыда айтарымыз экстремизмнің халықаралық деңгейде таралуына жол бермеу үшін онымен күресте өркениетті елдердің ұстанымын басшылыққа ала отырып, халықаралық деңгейде қауіпсіздік байланыстарды жетілдіру керектігі айтылды.

КІРІСПЕ

Экстремизм мен терроризм мәселесі ХХІ ғасырдың маңызды оқиғасы ретінде қарастырылады, өйткені әлемнің әртүрлі елдері мен аймақтарында діни, саяси дағдарыс етек алып, үлкенді-кішілі радикалды топтардың құрылуына түрткі болуда. Ал мұндай лаңкестік топтарғаламдану дәуіріндегі интернет желісі арқылы тез тарайтын, алдын алып үлгеруге мұрша бермейтін «зорлық-зомбылық» түрі деуде де болады.

Осыған байланысты мемлекеттің экстремистік бағыттағы қылмыстар жасауға кінәлі адамдарға қатысты қатаң әлеуметтік-құқықтық санкцияларды пайдалануы, адам құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық келісімдердің талаптарына толық сәйкес келеді. Аса қауіпті экстремистік топтарды қоғамнан оқшаулау лаңкестік әрекеттердің алдын алудың тиімді құралы бола отырып, ұлттық немесе халықаралық қауіпсіздікке оңтайлы әсер етеді және адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға ықпалын тигізеді. Бұл дегеніміз экстремистік сипаттағы қылмыстарды, яғни құқықтық саралау мәселесі зорлық-зомбылық экстремизмінің көріністерін басқа құқық бұзушылықтардан, сондай-ақ әлеуметтік кемсітушілік пен әділетсіздікке қарсы бағытталған заңды қоғамдық бастамалардан ажырату қажеттілігі болып табылады. Әлеуметтік жағдайдан тыс билік үшін күрес қоғамдық қауіптіліктің едәуір дәрежесіне ие, бірақ ең ауыр заңсыз әрекеттер ғана экстремизмнің көрінісі ретінде түсіндірілуі қажет. Экстремистік ниетпен жасалған қылмыстармен күресте жазаның әділдігі мәселесін шешу үшін, діни немесе саяси фактор ретінде әрекет ететін, халықаралық қоғамдағы қылмыстық зорлық-зомбылықтың ең қауіпті көріністері ретінде дәстүрден тыс, «жалған идеологияға» негізделген радикалды ағымдарды айтуға болады. Алайда, экстремизмнің көптеген себептері қоғамға байланысты өзгеріп, объективті және субъективті жағдайларға қарай дамиды. Дегенмен, оның пайда болуына және таралуына ықпал ететін негізгі факторлар бар. Оған «экстремизм мәселесіне» қатысты дамыған мемлекеттердің сараптамалық қорытындыларын мысалға келтіруге болады. Атап айтқанда негізгі себептері: әлеуметтік-экономикалық тоқырау, халықтың басым бөлігінің өмір сүру деңгейінің төмендеуі, мемлекеттік басқару жүйесі мен саяси институттардың деформациясы және олардың қоғамның өзекті мәселелерін шешуге қабілетсіздігі; биліктің «әлсіздігі», басшылардың саяси амбициясы, әртүрлі факторлардың ықпалымен «еркін» және «жаңашыл» ойлауға ұмтылу; ұлттық болмыстың әлсіздігі (басып-жаншылуы – авт.), белгілі бір топтардың өз мүдделерін қамтамасыз етуге ұмтылуы және т.б.

Тандап алынған тақырып: өзінің барлық нысандарымен, көріністерімен, ауқымымен, қарқындылығымен, адамгершілікке жатпайтындығымен және қатыгездігімен қазіргі уақытта жаһандық маңызы бар ең өткір және өзекті мәселелердің біріне айналған экстремизммен байланысты. Ал бұл өз кезегінде әлеуметтік және ұлттық топтар арасында өшпенділік пен сенімсіздік тудырып, нәтижесінде шиеленістер, қақтығыстар, тіпті лаңкестік әрекеттерге дейін бартын экстремизммен күресудің халықаралық жүйесін құру қажеттілігінің көрінісі. Нәтижесінде, Америка Құрама Штаттары, Германия, Франция, Ұлыбритания, Жапония, Ресей және т.б. үздіксіз дамушы елдердің зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға бағытталған негізгі іс-қимылдарының тәжірибесін басшылыққа ала отырып, жаһандану үдерісіне сай экстремизмге қарсы күрестің өзара тиімді жолдары ұсынылды. Сондықтан, қазіргі экстремизм көріністерінің ауқымдылығы мен қатыгездігі, олармен ең алдымен өркениетті елдердің халықаралық тәжірибесін қолдана отырып, үздіксіз күрес жүргізу мәселесі таңдалған тақырыптың өзектілігін болып табылады.

Мақаланы жазу барысында алдымызға қойған міндеттер:

– қазіргі жаһандану үдерісіне елеулі сын болып отырған экстремизмнің күрделі және көп қырлы құбылыстарынның әлеуметтік аспектілеріне қатысты кейбір тұстарын салыстырмалы талдау әдісі арқылы анықтау;

– өркениетті елдер тәжірибесін басшылыққа ала отырып, заманауи бұқаралық-ақпараттық құралдар жүйесінің экстремизм мәселесіне қаншалықты ықпалын сараптамалық әдісі арқылы ұсыну.

Осылайша, алдымызға қойған міндеттерді шешу үшін, нақтырақ айтқанда қазіргі ғылымдардың ешқайсысы экстремизмді жеке өзінің зерттеу объектісі ретінде толық және жан-жақты сипаттай алмайтындығын ескере отырып, оның қолданыстағы әлеуметтік, экономикалық, саяси, діни, және мәдени құбылыстарының кешенін заманауи байланыстар жүйесіндегі күрделі аспекті тұрғысынан зерттеуді мақсат етіп қойдық.

Мақаланың зерттеу гипотезасы:

Әртүрлі мемлекеттерде, әртүрлі елдерде, тарихтың әртүрлі кезеңдерінде «экстремизм» ұғымына әртүрлі құқықтық және ғылыми анықтамалар берілгенін білеміз, дегенмен қажетті нәтиже алу үшін «шектен тыс шараларды», атап айтқанда «қылмыстық әрекеттер», «жалған сенімдер», «ұлтшылдық көзқарастар», «жаңсақ идеологиялар» мен ең бастысы діни-фанатизмге негізделген радикалды экстремистік топтарға қарсы күресте өркениетті елдерге тән дәстүрлі болмыстың қағидаты бойынша әрекет жасау үдерісін басшылыққа алу керек деп тұжырым жасаймыз.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Қазіргі таңда экстремизмнің халықаралық деңгейдегі аспектілеріне қатысты кейбір тұстары, нақтырақ айтқанда өркениетті елдер тәжірибесінің кейбір мәселелері ғалымдар арасында дискурстық зерттеу бағытына айналууда. Өйткені, экстремизм мәселесі тек әлеуметтанулық тұрғыдан зерттелмейді, оның саяси-экономикалық және діни-мәдени құбылыс ретінде күрделі өзіндік объективтілігі мен субъективтілігі бар болғандықтан – экономика, мәдениет, тарих, философия, география, құқық, әлеуметтану, психология және тағы басқа көптеген ғылымдар мен пәндердің қызығушылық танытатын саласы болып табылады. Демек, экстремизм мәселесінің өзін көп өлшемді, көп аспектілі және көп функционалды мәні бойынша анықтай отырып, бұл проблеманы зерттеуге қызығушылық танытқан ғылым саласының әрқайсысы мәселені өз позициясына қарай, яғни өзінің пәндік саласы бойынша теориялық әдістерін қолдана отырып зерттеу жүргізеді деп тұжырым жасауға болады. Сондықтан мақаланың әдіснамасы экстремизмді қоғамға қарсы құбылыс ретінде қарастыруға болатын – жалпы әлеуметтанулық, дінтанулық, саясаттанулық және тарихилық әдістер: салыстыру, талдау, синтездеу қорытындылау және жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл жерде мәселенің объективтілігі мен субъективтілігі бар болғандықтан әдебиеттер мен деректерді теориялық және методологиялық тұрғыдан «салыстырмалы талдау» және «сараптамалық жүйелеу» әдісі басшылыққа алынды. Бұл әдіс экстремизмге қарсы күресте дамыған елдердің жүргізіп отырған әлеуметтік-саяси бағытының көрінісін түсінуге мүмкіндік береді, мәселен экстремизмнің «шектен» шыққан көрінісі болып табылатын террористік оқиғалардың алдын алу үшін АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Германия, Ресей және т.б. елдердің тәжірибесі мысалында қарастырылады. Қолданылған әдістер «экстремизммен күрес» мәселесіне қатысты халықаралық тәжірибенің стратегияларын жан-жақты зерделеуге, кездесетін басты қиындықтарды анықтауға және оларды еңсеру бойынша тұжырымдарды ұсынуға мүмкіндік берді. Мұндай әдіс-тәсілдер зерттеудің ғылыми негізділігін арттырып, нәтижелерді теориялық және практикалық жағынан қолдану үшін пайдалы етеді.

Сонымен бірге экстремизмге қарсы күресте өркениетті елдер тәжірибесі туралы отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық-әдіснамалық және эмпирикалық зерттеулері аясында радикалды ұйымдардың «көшкіні», яғни агрессия мен зорлық-зомбылықты тудыратын әлеуметтік-психологиялық механизмдерді ажыратуға бағытталған көзқарастары сараланып, «діни экстремизм», «саяси экстремизм» және «фундаментализм» ұғымдардың

арақатынастары туралы әртүрлі көзқарастар ұсынылып, олардың «жалпы», «ерекше» және «бірлік» белгілері жүйелілік әдіспен айқындалды. Жинақталған мәліметтерді саралай келе экстремизмнің алдын алуға бағытталған әлемдік тәжірибенің концепцияларына әлеуметтанулық қорытынды жасалып, алдымызға қойған міндетті ғылыми тұрғыдан зерделеу үшін тарихилық (историзм – авт.) аспектілер қағидаты ескерілді.

ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Жаһандық үдеріске айналып отырған радикализм логикасын пайдалана отырып, экстремизм мәселесін ғылыми тұрғыдан қарастыруды бастаған дұрыс сияқты. Сонымен, экстремизм мәселесін заманауи әлеуметтік сала бойынша қарастырып жүрген З.К. Шаукенова мен С.Е. Нұрмұратовтың «Қазақстанның тарихи және рухани-мәдени дамуындағы діннің рөлі: дәстүр және қазіргі заман» [1] атты ұжымдық монографияларын атауға болады. Монографияда діни дүниетанымның дискурсивті үлгілері, «ислам тақырыбының» мәнісі, діни ахуалдың негізгі үрдістері, қазіргі кезеңде түрлі көрініс беретін діндарлық феномені мен діни бірегейліктің бірқалыпсыз сипаты қарастырылған. Ал К.М. Бишманов пен А.Б. Асан «Религиозная толерантность в Казахстане» [2], атты зерттеуде қазақ қоғамындағы толеранттылық ұғымының алатын орны туралы айта келе, толеранттылық әртүрлі болуы мүмкін – дейді автор, діни, этникалық, нәсілдік, ұлттық, гендерлік, саяси және т.б., осының бәрін біріктіруші концепция – бейбітшілікті сақтау және жанжалды жағдайлардың алдын алу деп тұжырым жасайды [2, 16 б]. Сонымен бірге Б.Ғ. Нұрмағамбетовтың «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолдары» [3] және Б.М. Аташтың «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу шаралары: теориядан практикаға бетбұрыс» [4] атты әдістемелік зерттеулерінде еліміздегі саяси ахуал және экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолдары [3, 51 б], деструктивті діни ағымдарды ұстанушылардың белгілерін [4, 88 б] және оларды анықтау өлшемдері және мұндай әрекеттерден сақтанудың жолдарын қарастырған. М.Орумбаева мен А.Курманғалидың «Экстремизм мен терроризмге қарсы тұру және оның алдын алудың әлемдік тәжірибесі» [5] атты мақаласында: «...бүгінгі таңда халықаралық тәжірибе деструктивті бірлестіктер идеяларының таралуына қарсы іс-шаралардың кең ауқымын қолдануда... Еуропада экстремизммен күрестехалықты оңалту және дерадикализациялау бойынша да айтарлықтай жұмыстар жүргізілуде, мемлекеттер бұл мәселеде қаржылық, әкімшілік және басқа да көмектер көрсететін үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне сүйенеді. Мысалы, Германияда «Violence Prevention Network» («Зорлық-зомбылықтың алдын алу желісі») деп аталатын ұйым бар, ол оңшыл, діни негіздегі экстремистік ұйымдардың қызметіне қатысты деген күдікті жастармен жұмыс істейді», дей келе «халықаралық тәжірибені салыстырмалы талдау негізінде экстремистік бірлестіктердің қызметінен зардап шеккен адамдарды оңалту үдерісінде әртүрлі әдістердің жеткілікті кең ауқымы қолданылады», -деп қорытынды жасайды [5, 157 б]. Бұл зерттеулерде көбінесе экстремизмнің діни бағыты турады мәселелер қарастырылған. Мәселен, онда қоғамның толерантты және диалогтық санасын қалыптастырудағы діннің онтологиялық және феноменологиялық рөлдерін ашып көрсеткен. Сондықтан аталмыш зерттеулердің біздің мақаламызды жазу барысында көп бағытты зорлық-зомбылық түрлерінің тап осы діни экстремизм саласы бойынша маңыздылығы бар.

Ал экстремизм мәселесі туралы зерттеп жүрген ресейлік ғалымдар В.Л. Назаровпен П.Е. Суслонов [6] соңғы жылдары ересектер ғана емес жастар арасында да экстремизм көріністерінің жиілеуі, сондай-ақ экстремистік бағыттағы «тұлға» мен «топтың» интернет желісі арқылы жасөспірімдер мен жеткіншектерге теріс ақпараттық және психологиялық әсер етуінің көптеген мысалдары ерекше алаңдаушылық туғызып отырғанын айта келе, «қазіргі таңдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қиындықтары және құндылықтарды қайта бағалау жастардың белгілі бір бөлігінің өмірлік перспективаларын жоғалтуды сезінуіне және «өзін-өзі анықтау» проблемаларына әкеледі, тиісті тәрбиенің, білім деңгейінің, өмірлік тәжірибенің жоқтығынан кейбір жастар қоғамға жат жолына түсіп, экстремистік сипаттағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасайды. Радикализмді экстремизмнен ажырату керек,

оны біз жалпы қабылданған көзқарастардан түбегейлі ерекшеленетін және қоғамдағы терең өзгерістерді болжайтын пікірлерді ұстану деп анықтаймыз», -деп тұжырым жасайды [6, 204 б]. Зерттеуден біз экстремизм және оның шектен шыққан көрінісі терроризмнің қазіргі уақытта көптеген елдер мен аймақтарды қамтып отырғанын, сондай-ақ, бұл жаһандық мәселенің тек ересектер ғана емес, жас жеткіншектер арасына таралу қаупінің алдын алудың қаншалықты маңызды екенін байқаймыз. В.П. Кириленко мен, Г.В. Алексеев «Экстремистік қылмыстарға қарсы тұрудың өзекті мәселелері» [7] атты мақаласында зорлық-зомбылықтың радикалды идеологиясының әсерінен жасалған қылмыстар заңға бағынатын азаматтар мен дәстүрлі әлеуметтік институттардың белгісіз шеңберіне қатысты, өйткені ол зорлық-зомбылықтан туындайтын қоғамдық қауіптің жоғары деңгейімен ерекшеленеді деп әділ түсінік қалыптастырады [7, 561-571 б]. Біз бұл жерден соңғы жылдары халықаралық сахнада мемлекеттер арасындағы қатынастардың бірқатар үлкен өзгерістерге ұшырай бастағандығын, сонымен бірге қазіргі қоғамның «бейбітшілікті сақтау» және «агрессияны тежеу» курсынан «төзімсіздікке» көшкені туралы жоғарыдағы ғалымдар айтып кеткен пікірлермен келісеміз. Мысалы, әлемдік шикізат қоры, билік үшін күрес, экономикалық жүйелердің дамуын бақылау – бұл барлық ұмтылыстар, сайып келгенде, бір нәрсеге, атап айтқанда: әлеуметтік бөлшектенуге, таптық стратификацияға, ненің дұрыс, яғни рұқсат етілгені туралы қалыптасқан дәстүрлі идеяның болмауына алып келеді», -деп нақты атап көрсетеді [8, 28 б].

Ал шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулеріндегі зорлық-зомбылықтың әртүрлі көріністеріне талдау жасай отырып, Германия, Франция, Италия, Ұлыбритания және Швеция сияқты мемлекеттердегі экстремизммен күрес мәселесіне салыстырмалы талдау жасалынды. Американдық-француздық антрополог-социолог ғалым Скотт Атран (Scott Atran) өзінің «Діни экстремизм, қасиетті құндылықтар және адам болу деген не» [9] атты монографиясында ең күрделі мәселелердің бірі – терроризмге өте керемет және батыл түрде зерттеу жүргізген. Скотт Атран – Ауғанстан жерінен Таяу Шығыстағы Газа секторына дейін, Индонезиядан Еуропаға дейінгі жерлердің бәрінде өзі барып, зерттеу жүргізіп, террористтер мен жанкештілердің өмірін түсінуге көп жылдарын арнаған тамаша антрополог-социолог ғалым. Скотт Атран бұл мемлекеттерде террористердің туыстарымен, достарымен кездесіп, психологиясына мән беріп, философия, тарих, дінтану және әлеуметтану салалары бойынша көптеген көзқарастар қағидатына талдау жасайды. Ғалым зерттеуін «Басқалар үшін өлтіруге және өлуге деген құштарлық қайдан пайда болады?» деген сұрақтан бастайды, «...өйткені, адамдардың барлығы дерлік қандайда бір дінге сенеді, бірақ аз ғана адам соның сенімі үшін құрбандыққа бара алады» [9, 15] деген тұжырым жасайды. Скотт Атран зерттеуінде сенімнің табиғатын, ұтымды таңдаудың шектерін, қоғамның шығу тегін және моральдық құндылықтардың ықпалын нақты жеткізе білген ғалым. Сондықтан Скотт Атранның дүниежүзілік жанжалдардың шиеленісуіне жасаған талдауларын, экстремизм сияқты заңсыз құбылыстың әлеуметтік құрылымдарға енуіне байланысты көзқарасын және терроризмнің деструктивті күшінің логикалық байланысы туралы қағидаты өте құнды дерек болып табылады.

Неміс ғалымы Штеффен Кайлицтің (Steffen Kailitz) 15 тараудан тұратын монографиясында экстремистік «ойлар» мен «әрекеттердің» әртүрлі формалары туралы жан-жақты түсінік береді. Автор монографиясында оңшыл және солшыл экстремистік ағымдардың зорлық-зомбылық әрекеттерін қамти отырып, өзіндік сараптамалар жасаған. Мәселен, автордың «...саясаттанушылар да, әлеуметтанушылар да экстремизм саласын шынайы бағалайтын сарапшылар болып табылады. Сондықтан экстремизмді зерттеу қоғам назарын аудару үшін ғана емес, құнды және маңызды мәселелерді зерттеу саласын қалыптастыру болып табылады», -деген пікірі орынды [10, 259 б]. Швед ғалымы Меган Рейф Дифвермарк (Megan Reif Dyfvermark) сапалы зерттеу үлгісінің көрінісі ретінде радикализм мен зорлық-зомбылықты зерттеу үшін мета-анализдің индуктивті түрі болып табылатын тақырыптық синтезді пайдалған. Радикалды фундаменталистер зорлық-зомбылықтың жалғыз және негізгі орындаушылары емес екенін анықтай отырып, зерттеу жүргізу барысында саяс және діни

идеологияға негізделген әртүрлі ағымдардың ұстанымын анықтайды [11, 209 б]. Экстремистік идеологияның антидемократиялық сипатын Британдық әлеуметтанушы Винченцо Риггieroның (Vincenzo Ruggiero) зерттеулерінде ерекше атап көрсеткен, онда автор экстремалды мистикалық қауымдастықтардың қылмыстық идеологиялық белсенділігінің ұжымдық сипатын қарастырса [12, 1-23 б], ал келесі британдық ғалым Рафаэль Коген-Алмагордың (Raphael Cohen-Almagor) сенімді пікірі бойынша «әлеуметтік желілердегі еркін қарым-қатынас «интернеттің қараңғы жағын» қалыптастыратын қауіптердің алдын алу үшін пайдаланушылардан оң әлеуметтік жауапкершілікті» талап етеу керек деген тұжырым жасайды [13, 400 б]. Сонымен біз жоғарыда айтылған шетелдік ғалымдардың зерттеулеріндегі экстремизмнің әртүрлі көріністеріне шолу жасай отырып, Германия, Франция, Италия, Ұлыбритания, Швеция және Ресей сияқты мемлекеттердегі экстремизммен күрес мәселесіне салыстырмалы талдау жасалынғанын көреміз. Парижде жарық көрген «Preventing violent extremism through education» («Білім беру арқылы зорлық-зомбылықшыл экстремизмнің алдын алу») [14] атты ұжымдық ғылыми зерттеуде: «...соңғы жылдары зорлық-зомбылықшыл экстремистік топтар жасаған шабуылдардың саны артып келеді... Біз барлық континенттердегі қайғылы оқиғалардың куәсі бола отырып, зорлық-зомбылықшыл экстремизмнің қоғамға қалай әсер ететінін түсінеміз. Алайда, қазіргі таңда ең қауіпті топ – жастар. Өйткені жастар лаңкестік топтардың «жалдамалы» стратегияларының негізгі нысаны және зорлық-зомбылықтың құрбаны да осылар», -деп атап көрсетеді [14, 75 б].

Норвегиялық ғалым, Осло университетінің құрметті профессоры Магнус Хаавелсрудтың (Magnus Haavelstad) мақаласында [15, 113-120] зорлық-зомбылықтың белгілі бір түрлерінің алдын алу жолдары туралы қарама-қайшы пікірлерді талқылай келе экстремизмнің алдын алу мәселесі бойынша Американдық «бағдарлама» мен Бас Ассамблеяның «стратегиясын» салыстыра талқылайды. Ғалымның пікірінше экстремизмге қарсы жаһандық тәжірибелерге қайшы келетін «соттың шешімдері» мен «саяси шағымдарды» азайта отырып, түпкі себепті шешуге бағытталған «қалыпты көзқарас» пен «конфессияаралық диалог» арқылы мәдени байланыс орнатау барысында экстремистік идеологияны заңсыздандыруға бағытталған тәсілін ұсынады. Мұхаммед Хафез (Mohammed Hafez) пен Крейтон Маллинстің (Creighton Mullins) мақалаларында [16, 958-975] қоғамдағы экстремистік идеологияларды зерттеу барысында радикалданудың себептері мен динамикасы туралы эмпирикалық әдебиеттерге және Батыстағы исламшыл экстремизмнің заманауи көзқарастарына сілтеме жасай отырып қарастырған. Мәселен, ғалымдар төрт факторға негізделген теориялық синтезді ұсынады: жеке және ұжымдық шағымдар, желілер мен тұлғааралық байланыстар, саяси және діни идеологиялар, сондай-ақ қолайлы орталар мен қолдау құрылымдары. Демек, олар өз талдаушыларын радикалдану доғасын анықтауға шақырады; зорлық-зомбылықты тудыратын әлеуметтік, экономикалық және саяси контексттерді анықтау; және қарапайым халықты лаңкестік әрекетке итермелейтін психологиялық жағдайларды зерттейді. Бұл жерде де зорлық-зомбылыққа бағытталған барлық мәселе «жаңсақ идеология» төңірегінде пайда болатынын көрсетеді.

Экстремизмге қарсы іс-қимыл және халық арасында радикалды идеялардың таралуы бойынша халықаралық тәжірибе осы жұмыс шеңберінде қарастырылды. Алайда, зерттелген тәжірибенің негізгі аспектілері ретінде мыналарды бөліп көрсету керекпіз: біріншіден, қарастырылған елдердің әрқайсысында экстремизмінің алдын алу шараларының жиынтығына баса назар аудару; екіншіден, халық арасында экстремизмге қарсы іс-қимыл және оның алдын алу жөніндегі мемлекеттік саясатқа; үшіншіден, экстремистік қауіп-қатерге кешенді түрде қарсы тұру бойынша жұмыстарға жергілікті қоғамдастықтар, облыстық басқармалар мен жергілікті қоғамдық бірлестіктердің белсенді түрде атсалысуы; төртіншіден, экстремизмге қарсы тұруда оқу орындарының ерекше рөлі туралы, мысалы тиісті психикалық көзқарастарды қалыптастыратын мектептер мен университеттер; бесіншіден, интернеттегі экстремистік қауіп-қатерге қарсы тұру радикалды идеялардың таралуына жол бермеудің маңызды бағыттарын айқындау.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Әлеуметтану ғылымы тұрғысынан экстремизм мәселесі әртүрлі субъектілердің қоғамға қарсы іс-әрекеті болып табылады, оны агрессивті және зорлық-зомбылықпен, деструктивті әрекеттердің жүйелі түрде ұйымдастырылған (ресми немесе бейресми – авт.) жиынтығы ретінде анықтауға болады. Өйткені, агрессивті әрекеттің негізгі критерийі жәбірленушіге зиян келтіру немесе тікелей зиян келтіру ниетінің бар болуы, осылайша, зорлық-зомбылық құбылысының негізгі белгісі – қорқыту, күш қолдану немесе әртүрлі зиян келтіру арқылы басқаны бірдеңе жасауға немесе жасамауға мәжбүрлеу әрекетінің болуы. Осы мәселе бойынша зерттеу жүргізу үшін мақала тақырыбының өзектілігін жоғарыда айтып өткенбіз, сондықтан асыра бағалаудың қажеті жоқ, өйткені көптеген ғылыми эзирлемелер мен жарияланымдарды ескере отырып, жалпы халықаралық қауымдастыққа және жекелеген мемлекеттердің қауіпсіздігі, атап айтқанда экстремизмнің әртүрлі формаларының күшеюінің көріністері туралы проблема көтерілген. Өкінішке орай, қазіргі заманның осынау аса қауіпті құбылыстары болып табылатын экстремизмнің арандатушылық әрекеттері халықаралық қақтығыстар мен ұлттаралық өшпенділік сияқты жағымсыз факторлар негізінде әлеуметтік топтар арасында үрей мен сенімсіздік тудыруда.

Біздің ойымызша, «экстремизм» сөздерінің шығу тегіне жүгінсек, мақалада зерттелген құбылыстар толығырақ ашылады. «Экстремизм» француздың «*extremisme*» сөзінен шыққан, «*extreme*» – «төтенше, шеткі/ақырғы», латын тілінен *extremus* – «ақырғы; шеткі». С.И. Ожеговтың сөздігіне сәйкес, «экстремизм (саяси) – бұл шектен шыққан көзқарастарға, өз мақсаттарына жету үшін шектен тыс шараларды (соның ішінде лаңкестік шабуылдар мен адамдарды кепілге алу) қолдану» [17, 399 б]. Үлкен энциклопедиялық сөздікте: «Экстремизм – бұл шектен шыққан көзқарастар мен шараларға берілгендік», - [18, 1213 б] деген түсіндірме берілген. Көріп отырғанымыздай, жоғарыда аталған тұжырымдардың барлығы бір-біріне ұқсас және талданатын құбылыстың «шектенуін» сипаттайтын этимологиялық компонентті көрсетеді. Қазіргі халықаралық құқықтануда «экстремизм» және «терроризм» ұғымдарының мәнін айқындайтын көптеген ғылыми пікірлер, түсіндірулер, тәсілдер бар. Сондықтан, біз бұл құбылыс ұғымының мәніне жаңа тұжырым жасауды мақсат етпейміз. Бұл ұғымдар бір-бірін толықтыра отырып, жеккөрушілік, қорқыныш, төзбеушілік және т.б. идеологиясына негізделген адамға, қоғамға және мемлекетке зиян келтіру мақсатында қылмыстық қауымдастықтар мен ұйымдарға біріктірілген адамның немесе адамдар тобының заңсыз әрекетінің қауіпті түрлерін білдіретінін атап өткіміз келеді.

Көріп отырғанымыздай, экстремизм қоғамда бар нормалар мен ережелерді жоққа шығаратын «шектен» шыққан көзқарастар мен әрекеттерді ұстану деп саналады. Бұл ең алдымен, конституциялық құрылыстың негіздеріне қауіп төндіреді, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына әкеп соғады, қоғамдық қауіпсіздік пен мемлекеттің тұтастығына нұқсан келтіреді. Экстремизм, әдетте, өз негізінде адамның жынысы, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, тілдік және дінге көзқарасы бойынша ерекшелік, артықшылық немесе кемшілікті бекітуге негізделген белгілі бір идеологияға, сондай-ақ кез-келген әлеуметтік топқа қарсы дұшпандық идеялар. Экстремистік әрекеттер үнемі қолданыстағы мемлекеттік немесе қоғамдық тәртіпті қабылдамаумен байланысты және заңсыз нысандарда жүзеге асырылады. Сөйтіп, бұл қазіргі уақытта қалыптасқан қоғамдық және мемлекеттік институттарды, құқықтарды, дәстүрлерді, құндылықтарды жоюға және беделін түсіруге ұмтылумен де байланысты.

Сондықтан бүкіл әлемдегі мемлекеттер экстремизмді саяси мақсаттарға жетудің құралы деп мойындамай, экстремистік қызметтің әртүрлі көріністеріне белсенді түрде қарсы тұрады. Бұл қызметтің негізгі бағыты – екінші дүниежүзілік соғыстан кейін-ақ Еуропада пайда болып, экстремизмге қарсы іс-қимылдың нормативтік-құқықтық базасын қалыптастырды. Осыған байланысты, біздің ойымызша, мынадай құрамдас бөліктерге бөлуге болатын осы түрдегі қылмыстарға қарсы іс-қимыл бойынша тәжірибелік шараларды жүзеге асыруға күш салу маңызды рөл атқарады: біріншіден, парламенттегілердің, құқық қорғау мекемелерінің, сот және

пенитенциарлық жүйелердің қызметкерлерін, криминалистерді, заңгерлерді, адвокаттарды және басқа мамандарды қоса алғанда, экстремизм немесе лаңкестерге қарсы бағытқа тартылған мамандардың кәсіби және ұйымдастырушылық-басқарушылық даярлығын жетілдіру. Екіншіден, экстремизмнің белсенділігі жоғары деп аталатын елдердің лаңкестерге қарсы сот төрелігі жүйесіне озық қылмыстық және процессуалдық стандарттарды енгізу үшін жаңа сараптамалық платформаларды құру. Үшіншіден, бейбіт тұрғындар қатарындағы адамдардың содырлар қатарына қосылып кетпеу үшін қандайда бір іс-қимылдардың алдын алу.

Мақаланың тақырыбын толығырақ ашу үшін қазіргі кезеңде экстремизмге қарсы халықаралық тәжірибенің анықтаған бағыттарының әрқайсысына қысқаша сипаттама беруді жөн санаймыз. Халықаралық қоғамдастықтың экстремизмге қарсы бағытқа тартылған кадрларды кәсіби және ұйымдастырушылық-басқарушылық даярлауды жетілдіру әрекеттері орын алуда. Мәселен, Ұлыбритания елшілігінде ұйымдастырылған «Жаһандық терроризмге қарсы форумға» қатысушы елдердің кездесуі барысында АҚШ пен Ұлыбритания өкілдері Мальтада халықаралық «Әділет және құқық үстемдігі институтын» құру жөніндегі бастаманың іске асырылуы туралы хабардар етті [19]. Оның негізгі мақсаты экстремизмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын қызметкерлердің кәсіби даярлығын жетілдіру ғана емес, сонымен қатар институт қабырғасында аталған саладағы түрлі мемлекеттердің жетекші мамандары арасында белсенді байланыстар орнату бойынша лаңкестерге қарсы салада тәжірибе алмасу болып табылады. Құрылтайшылар тек кәсіби мақсаттардан басқа, институт экстремизм мен терроризмге қарсы іс-әрекеттің белгілі бір идеологиялық векторын белгілеуге, оны заңдар мен адамның негізгі құқықтарын қатаң сақтауға бағыттауға арналғанын жасырмады. Осыған байланысты аталған құрылымды құру БҰҰ-ның «Жаһандық терроризмге қарсы стратегиясының» іс-қимыл жоспарының («лаңкестікке қарсы күрестің іргелі негізі ретінде адам құқықтары мен құқық үстемдігін жалпыға бірдей құрметтеуді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар») ұстанымдарын іске асыру ретінде қарастырылатыны атап өтілді [19]. Бұл институттың құрамына, негізінен Солтүстік және Шығыс Африкадан, Сахельден, Африкандық мүйізінен және кеңейтілген түрде Таяу Шығыстан келеді деп болжануда, өйткені бұл «өтпелі мемлекеттер» деп аталатындарға баса назар аударады. Алайда институт басқа өңірлерден де тыңдаушыларды қабылдауға дайын. Тәлімгерлер жетекші сарапшылардың (криминалистер, судьялар, заңгерлер және т.б.) арасынан ұзақ мерзімді негізде де, біржолғы шақыру арқылы да қабылданатын болады деп тұжырым жасалған. Институттың негізгі органы – халықаралық басқару кеңесі, оның құрамына: қабылдаушы тарап ретінде Мальта, БҰҰ, Еуропалық Одақ, Африка Одағы, сондай-ақ бақылаушылар ретінде тиісті бейіндегі басқа да көпжақты ұйымдар; атқарушы директор басқаратын жауапты хатшылық; консультативтік кеңес болды.

БҰҰ-ның экстремизмге қарсы құрылымдарының қамқорлығымен 2013 жылдың күзінде АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында «лаңкестік белсенділігі жоғары» деп аталатын елдердің терроризмге қарсы сот төрелігі жүйесіне озық қылмыстық және процессуалдық стандарттарды енгізу туралы жаңа сарапшылық платформа ашылды. БҰҰ-ның «Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасы» мен «Терроризмге қарсы атқарушы дирекциясы» Женевада лаңкестік әрекеттерді жоюдың тиімділігін арттыру үшін «Жаһандық бастаманы» іске қосты [17]. Бірінші кезеңде жоба Магриб елдеріне (қазіргі уақытта «Үлкен Магриб» деп аталатын араб елдері: Марокко, Алжир, Ливия, Тунис, Батыс Сахара, Мавритания – авт.) олардың құқықтық жүйелерін озық стандарттарға сәйкестендіруге жәрдемдесуді мақсат етеді. Болашақта Оңтүстік Азия, Африка және Таяу Шығыс бағыттарына назар аудара отырып, жобаның географиясын кеңейту жоспарлануда. Іс-шараның пайдалы қорытындыларының бірі ретінде талқыланатын өңірде экстремистік бағыттағы қылмыстарды ашу кезінде мемлекеттік айыптау алдында тұрған ортақ проблемалардың бірлескен күш-жігермен жасалған тізімін атаған жөн. Өзара сенімді арттыру, саяси ерікті шоғырландыру, судьялар мен прокурорлардың тиімді халықаралық өзара іс-қимылына кедергі келтіретін бюрократиялық және техникалық кедергілерді еңсеру мақсатында бірлескен жұмысты жалғастыру туралы ұсыныстар айтылды.

Экстремизмге қарсы халықаралық іс-қимылдың тағы бір маңызды бағыты – еуропалық құқық қорғау органдарының азаматтарды содырлар қатарына тарту әрекеттерін тоқтатуға, сондай-ақ радикалды ұйымдар құруға және олардың лаңкестік әрекеттер жасауына жол бермеуге бағытталған қызметі. Ол үшін «әлеуетті кандидаттар» анықталғаннан кейін жергілікті басқару органдары мен қоғамдық ұйымдардың қызметкерлері «отбасы мүшелерінің паспорттарын алу», «әлеуметтік жеңілдіктерден айыру» т.б. сияқты әдістерді қолдана отырып, оларға «сендіру» шараларын қолдану. Сонымен қатар, ақпараттық салада қарсы әрекет етудің нысандары мен әдістері қолданылады, мысалы, радикалды идеологияға қарсы үгіт-насихат, жұмысқа қабылдау үшін пайдаланылатын интернет-ресурстарды бұғаттау, баламалы ұсыныстарды тарату, атап айтқанда, гуманитарлық жобаларға волонтер ретінде қатысу туралы. Бұл жерде президентіміздің «Сирияға барғысы келетіндердің» санын азайту керек деп баса айтқанын мысалға келтіруге де болады.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, қазіргі кезеңде extremismге қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары мыналар болып табылады деген қорытындыға келеміз:

- зорлық-зомбылыққа қарсы тиімді іс-әрекеттерді жүзеге асырудың ең маңызды шарты ретінде халықаралық құқықтық базаны құру;

- extremismге қарсы күресу үшін халықаралық орталықтарды ашу;

- бейбіт азаматтардың содырлар қатарына қосылудың алдын алу бойынша жұмыстарды күшейту;

- extremism белсенділігі жоғары елдерде лаңкестікке қарсы әділет жүйесіне озық қылмыстық және процессуалдық стандарттарды енгізу үшін жаңа сараптамалық платформаларды құру;

- өзара сенімді арттыру, саяси ерік-жігерді шоғырландыру, лаңкестік қылмыстарды ашуда судьялар мен прокурорлардың тиімді халықаралық өзара іс-қимылына кедергі келтіретін бюрократиялық және техникалық кедергілерді еңсеру мақсатында бірлескен жұмысты жалғастыру;

- ақпараттық саладағы extremism көріністерінің жолын кесу, жат ағымдарға қарсы үгіт-насихат, extremistік пиғылдағы интернет-ресурстарын бұғаттау;

- қарулы қақтығыстардың негізгі көздері болып табылатын мемлекеттер мен аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту.

Сонымен, біздің ойымызша, extremismге қарсы күрестің нысандары мен әдістерін дамыту және жетілдіру қажет. Халықаралық қоғамдастық осы әлеуметтік көріністерге қарсы тұрудың қалыптасқан әдістері мен құралдарын барынша жетілдіруі керек. Қазіргі кезеңде extremism мен терроризмге қарсы халықаралық іс-қимылдың заңнамасын және бағыттарын жетілдіру саласындағы жұмысты келесі бағыттар бойынша жалғастыру маңызды деп санаймыз. Дегенмен, extremistік бағыттағы қылмыстарды саралау үдерісінде қазіргі қоғамдағы радикалдандыру мәселесі бойынша ғылыми зерттеулердің кең ауқымында атап өтілген зорлық-зомбылық extremismнің саяси сипатын көрсететін қылмыстық қол сұғушылықтардың объективті жағының аспектілеріне әлі де жеткілікті көңіл бөлінбей келеді.

Швед ғалымы Меган Рейф Дифвермарк (Megan Reif Dyfvermark) институционалдық белгісіздік, ұлғайған саяси бәсекелестік және милитаризация жағдайында өткен сайлаулар түбегейлі экономикалық және саяси өзгерістер туралы ұсыныстары бар субъектілер өміршен болатын және статус-квоның негізгі қорғаушыларына қауіп төндіретін маңызды контексттер екенін байқай отырып, ол қауіп туралы ықтимал жалпыланған гипотезаларды ұсынады. Осылайша, «радикалдану контексті жағдайлардың басым көпшілігінде сайлау процестеріне әсер етіп, сол арқылы ұлттық деңгейде мемлекеттің демократиялық құрылымына нұқсан келтіреді», - деп дұрыс атап көрсетеді [11, 246 б].

Саяси extremism біржақты көптеген әрекеттер мен оқиғаларды қамтиды. Бұл рұқсат етілген немесе рұқсат етілмеген extremistік қозғалыс болуы мүмкін, ал соңғысы әрқашан дерлік қылмыспен байланысты болса да, біріншісі әдетте қазіргі қоғамдарды сипаттайтын күш қолданудағы заңды монополияның көрінісі болып саналады. Британдық ғалымдардың

пікірінше, саяси экстремизмнің институционалдық және антиинституционалдық түрлері бар атап айтқанда, билікке қысым көрсету және билікке қарсы күш көрсету. Екеуі де әлеуметтанушылар мен криминологтардың талдау объектісі болды, кейбіреулері саяси экстремизмді талдау үшін «жалпы» экстремизм теорияларын қолдану керек деп санайды. Мысалы, экстремизмнің екі түрі де қандайда бір мақсатқа бағытталған саяси сипатқа ие, яғни нәтижеге қол жеткізу. Алайда басқа сарапшылар саяси экстремизмді теңсіздік пен әділетсіздікке қатысты ұжымдық наразылықтан туындайтын әлеуметтік қақтығыспен байланыстырады, осылайша экстремизмнің бұл түрін әлеуметтік қозғалысты талдау дәстүрі мен ұжымдық әрекет динамикасына жатқызады.

Экстремистік идеологияның антидемократиялық сипаты Британдық әлеуметтанушы Винченцо Риггieroның (Vincenzo Ruggiero) зерттеулерінде де ерекше атап өтіледі, олар экстремалды мистикалық қауымдастықтардың қылмыстық идеологиялық белсенділігінің ұжымдық сипатын көрсетеді [12, 1-23 б]. Әлеуметтанушылық және криминологиялық теориялар сонымен қатар күшті әлеуметтік позицияларды иеленген мемлекеттер мен олардың өкілдері жасаған саяси қылмыстарға назар аударуға көмектесетін бай аналитикалық мұраны ұсынады. Осыған байланысты көптеген жарналар институционалдық субъектілер жасаған қатыгездіктерді және осындай қатыгездіктермен бірге жүретін саналылық, бейсаналық, мәдени немесе ресми теріске шығарудың әртүрлі нысандарын қамтиды. Керісінше, институционалдылыққа қарсы немесе мемлекеттік емес субъектілер жасаған саяси зорлық-зомбылыққа баса назар аударылған кезде, «терроризм» термині әдетте әлеуметтанушылар бойынша оны анықтауда кездесетін қиындықтарға байланысты жалпыға бірдей қабылдауға сәйкес келмейтін терминге сілтеме жасайды [12, 12 б].

Мәселен, құқық саласының тәжірибесі бойынша көпшілік жағдайда экстремистік бағыттағы қылмыстардың субъективті жағы кінәлі түрде қаралады, яғни әлеуметтік топтардың өзара қарым-қатынасы үдерісінде де, әлеуметтік желілердегі экстремистердің «белгісіз адамдар» тобымен виртуалды өзара іс-қимылы кезінде де, зорлық-зомбылықты насихаттаушылар тарапынан да (жеккөрушілік пен әлеуметтік төзімсіздікті насихаттау «hate speech») [13, 957-971 б]. Бұл мәселе ағылшын-саксондық заң ғылымында криминогендік фактор ретінде кеңінен зерттелген, ол бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылған жағдайда, қазіргі қоғам өмірінің көптеген салаларында заңдылық пен тәртіпті бұзуға қабілетті деп есептеледі. Осыған байланысты британдық ғалым Рафаэль Коген-Алмагордың (Raphael Cohen-Almagor) сенімді пікірі бойынша әлеуметтік желілердегі еркін қарым-қатынас «интернеттің қараңғы жағын» қалыптастыратын қауіптердің алдын алу үшін пайдаланушылардан оң әлеуметтік жауапкершілікті талап етеді [13, 102 б].

Дегенмен Батыс ғалымдарының классикалық идеяларға сүйене отырып, жазған ұйымдасқан қылмыс туралы зерттеулерінде саяси және экономикалық мақсаттарды көздейтін экстремистік және лаңкестік уәждерін дәл көрсетпейді. Мәселен, әдеттегі қылмыстық топтар тек өз кірістерін көбейтуге мүдделі болса, экстремистер зорлық-зомбылық, заңсыз әрекеттер жасау арқылы өздерінің идеологиялық, саяси және діни мақсаттарына жетуге тырысады. Бұл туралы зерттеу жүргізіп жүрген Анджела Джендрон (Angela Gendron): экстремистердің мотивтері олардың қылмыстық шабуылдардың нысаналарын таңдауын және өздерінің идеологиялық негізделген және заңсыз әрекеттерінің пайдалылығы мен функционалдығын сақтау үшін қылмыс жасаудың оңтайлы тактикасын жүргізеді», -деп тұжырым жасайды [20, 315-333 б]. Сонымен бірге автор террористік топтардың жұмысын, олардың әртүрлі мақсаттарын және тұрақты қарым-қатынастардың операциялық деңгейде құрылуының себептерін зерттейді.

Ал кейінгі жылдары американдық және еуропалық әлеуметтанушыларының тәжірибесінде, сондай-ақ басқа да құқық қорғау органдарында виртуалды кеңістіктегі радикалды саяси қозғалыстар ең алдымен жастарға қауіп төндіретіні туралы түсінік қалыптасты. Қазіргі экстремизм идеологтары әлеуметтік желілер арқылы кәмелеттік жасқа толмағандарды экстремистік қылмыстар жасауға белсенді тарта бастады, нәтижесінде бұл қылмыстық

жоспарлар мен іс-шараны жүзеге асыруға ықпал етеді және мұндай қылмыстардың қоғамдық қауіптілік дәрежесін айтарлықтай арттырады деп тұжырымдайды [5, 304 б].

Қазіргі кезеңде әртүрлі мемлекеттердің күш-жігерін үйлестіруді талап ететін жаһандық проблема – ұлтаралық сипатқа ие болып отырған діни-саяси экстремизмге қарсы күрес болып тұр. Бұл ұлттық және діни араздықты жоюға қарсы іс-қимылды және жолын кесуді заңнамалық реттеу, экстремизмнің алдын алудың тиімді құқықтық негіздерін әзірлеу, қылмыстың алдын алу, жедел-іздістіру, саяси, экономикалық және өзге де іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге қатысты болып табылады. Діни-саяси экстремизмнің айрықша белгісі – өз мақсаттарына жету үшін күштеп күресу әдістерінің басым болуы – мемлекеттік жүйені күшпен өзгерту, билікті басып алу, мемлекеттің аумақтық тұтастығын бұзу. Бұл ретте діни экстремизм іс жүзінде «таза түрде» кездеспейді, бірақ діни-құқықтық нормалар мен догмаларды пайдаланатын ұлттық саяси бағыттағы терроризммен тығыз байланыста болады [20, 318б].

Осылайша, экстремизмнің әртүрлі нысандарына қарсы іс-қимылды құқықтық қамтамасыз ету үшін аса күрделі әлеуметтік-саяси құбылысқа жан-жақты әлеуметтанулық және саясаттанулық жағынан нақты талдау жасауды талап етеді. Дегенмен халықаралық қоғамдастық экстремизм мен терроризмді саяси мақсаттарға жету құралы ретінде қабылдамайды [21, 43-49]. Осы уақытқа дейін шетелде бұл мәселе бойынша үш көзқарас пайда болды: экстремистермен немесе лаңкестермен ешқандай келіссөздерге бармау және дереу полиция немесе әскерилермен операция жүргізу. Бұл позицияны Израиль, Аргентина, Колумбия, Иордания, Түркия, Уругвай қолдаса, соңғы уақытта АҚШ оған жақын позицияны иеленуде [22, 957-971].

Экстремизмнің барлық көріністері адамзатқа қорқынышты қауіп төндіредіруі мүмкін. Қазіргі заманның бұл аса қауіпті құбылыстары әскери арандатушылық, ұлтаралық араздық, әлеуметтік топтар арасында үрей мен сенімсіздік тудыратын жағымсыз факторларды туғызуда.

Экстремизмге қарсы бағыттың мамандары «лаңкестік оқиғаны болдау өте қиын екенін, олардың әрекетін дер кезінде болжап айту мүмкін еместігін» алға тартады. Сондықтан қазіргі таңда әлемнің бірде-бір мемлекетін экстремизм мен терроризм қаупіне байланысты проблемалардан «еркін» деп нық сеніммен айтуға болмайды. Бұл жан түршігерлік құбылыстар терең тамыр жайып, халықаралық қауымдастықты қамтыған «мега масштабтағы» проблема болып отыр. Қауіпсіздіктің басым бағыты ретінде ұлы державалардың бәсекелестікке бет бұруына қарамастан, әртүрлі идеологиялық мақсаттағы экстремистер қауіп-қатердің динамикалық ауқымын көрсетуді жалғастыруда [23, 485-504]. Осындай жағдайды ескере отырып, қарсы шараларды, оның ішінде заңнамалық деңгейде жетілдіру мәселелері бірінші орынға шығады.

Сондықтан мақаланың мақсаты халықаралық-құқықтық іс-қимылдың негізгі бағыттарын дамытуға, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығын, олардың құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін қорғау функцияларын орындайтын заңнамалық «тосқауыл» құру арқылы экстремизмге қарсы күресті жүргізуде өркениетті ердердің тәжірибесін зерделей отырып, «халықаралық диалог» қағидатына негіздей отырып талдау жүргізу болған. Осыған байланысты экстремизмге қарсы тұрудың негізгі бағыттары беріліп, заңнамалық деңгейде де, іс жүзінде де жаңа нысандары бойынша ұсыныстар айтылды.

Қазіргі уақытта Америка мен Еуропаның экономикалық жағынан дамыған елдерінде экстремизммен күресуге арналған арнайы бөлімшелердің екі түрі бар: «арнайы мекемелерге тікелей бағынатын және осы мекемелердің қызметкерлерінен құралған бөлімшелер» және «арнайы мақсаттағы әскери бөлімшелерден жасақталатын және белгілі бір операция кезеңінде арнайы мекемелерге жедел бағынуға кіретін «коммандос» типті бөлімшелер. Арнайы күштердің бұл түріне мысал ретінде британдық «САС», германдық «GHA – 9», итальяндық «R отряды», француздық «GIGN отряды», израильдік «General Intelligence Unit 269», американдық «Delta Force» және т.б. жатқызуға болады. Соңғы жылдары шетелдік

криминалдық полиция құрылымында да арнайы бөлімшелер құрылуда. Бұл бөлімшелердің басты міндеті – экстремистік топтардың жолын кесудің немесе алдын алудың тиімді құқықтық тетіктерін жетілдіру болып табылады.

ТАЛҚЫЛАУ

Заманауи халықаралық қоғам әлеуметтік өмірді жаңғыртуға байланысты құндылықтар жүйесінің өзгеруін бастан кешіруде. Болып жатқан өзгерістер халықаралық қатынастардағы шиеленістермен, ұлтаралық, этносаралық қақтығыстармен ұштасып, соның салдарынан зорлық-зомбылық арқылы қажетті нәтижеге қол жеткізуге тырысатын әртүрлі радикалды топтар пайда болуда. Сондықтан экстремистік бағыттағы радикалды ұйымдардың пайда болуы мен тыйым салынған қызметтерін және басту көдері мен себеп-салдарының тарихын түсіну мақсаты туындаған болатын. Мақалада өркениетті елдердің экстремистік әрекеттерге қарсы тұруға бағытталған негізгі іс-қимылдарының тәжірибесіне, тиімді өзара байланыстардың нақты көрінісіне ғылыми шолу жасалып, қазіргі жаһандану үдерісінде маңызды мәселе болып отырған экстремизм сияқты күрделі құбылыстардың әлеуметтік аспектілеріне қатысты дамыған елдердің тәжірибесі зерттеу нәтижелері айқындалды. Ол бойынша экстремистік бағыттағы қылмыстарды саралау, қазіргі қоғамдағы радикалдану мәселесі бойынша ғылыми зерттеулердің кең ауқымында атап өтілген зорлық-зомбылықтың саяси сипатына объективті түрде талдау жасалды. Сондай-ақ, мақалада халықаралық деңгейдегі ұлттық, нәсілдік, діни, саяси қауіп-қатерлер сияқты экстремизм көріністерінің таралуы жағдайына қатысты өркениетті елдердің тәжірибесі сараланды.

Мәселен, жоғарыда айтып кткен «Экстремистік қылмыстарға қарсы тұрудың өзекті мәселелері» зерттеуде: «Егер біз экстремистік мотивтерді қылмыстың субъективті жағының элементі ретінде талдайтын болсақ, онда экстремизмді тудыратын идеологиялық жоспардың занды мәселелері айқын көрінеді. Бір жағынан, экстремизм идеологиясы әрқашан мемлекеттік саясаттың төмен тиімділігін және барлық ақпараттық хабарламаларды наразылық пен пікірталас арқылы оқудың деформациясын көрсетеді. Екінші жағынан, мемлекеттің қоғамдық саясатының жетілмегендігіне азаматтық қоғамның жеткіліксіз реакциясы аясында экстремизмді танымал етудің тұрақты криминогендік тенденциясы қалыптасты. Бұл жағдайда басқару шешімдерін қабылдаудан оқшауланған зиялылар табының белгілі бір бөлігі экстремистік идеологияны жаңғыртуда. Халықтың елді басқаруға саяси қатысуын кеңейту мақсатында ұлттық демократияның сапасын арттыру экстремистік қылмыстардың санын азайтуға мүмкіндік береді», - деген пікірлер де айтылды. Ал «Германия, АҚШ және Ұлыбританиядағы экстремизмге қарсы тұру тәжірибесі: салыстырмалы талдау» атты зерттеу бойынша басқа еуропалық елдермен салыстырғанда экстремистік белсенділіктің айтарлықтай төмен деңгейіне қарамастан, Германия, АҚШ және Ұлыбританияда мұндай қозғалыстармен күрес жекелеген округтер мен елді мекендерде шағын, бірақ жоғары білікті полиция бөлімшелерін қолдану арқылы өте дәл жүргізілетінін атап өткен жөн (Сериков, Венцель, 2017). Дәл осы орталықсыздандыру құқық қорғау органдарына жастар радикализмі мәселесін шешу үшін қоғамдық ұйымдармен және бірлестіктермен белсенді өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Мемлекет пен азаматтық қоғам тарапынан жастардың экстремистік топтарына қарсы іс-қимылдың негізгі ерекшеліктерін атап өту қажет: біріншіден, қарсы әрекеттің алдын алу сипаты; екіншіден, жергілікті қоғамдастықтарды кең негізде белсенді тарту; үшіншіден, жастар мен студенттер арасындағы экстремистік үгіт-насихатқа қарсы тұруға және жолын кесуге университеттер мен басқа да оқу орындарын белсенді тарту; – төртіншіден, интернетте экстремизмнің таралуын тежеу бойынша құқық қорғау органдарының жұмысын күшейту.

ҚОРЫТЫНДЫ

Соңында айтарымыз, экстремистік топтардың лаңкестік әрекетіне қарсы экономикалық жағынан «алпауыт мемлекеттердің» қауіпсіздік саласы бойынша жүргізіп отырған саясаты негізінде іске асырылып жатқан тәжірибелерінің халықаралық деңгейдегі маңыдылығы бар деген қорытынды жасауға болады. Нәтижесінде басқа аймақтардағы елдер мен халықтар өзара қауіпсіздік байланыстарын жетілдіру үшін «өркениетті елдер үлгісіндегі» экстремизмге қарсы тәжірибенің оңтайлы жақтарын пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен бірге құқық қорғау мекемелерінің ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған бірыңғай халықаралық-құқықтық база құру әрекеттеріне қолдау көрсету, бұл өз кезегінде көптеген аймақтық мемлекеттермен лаңкестікке қарсы іс-қимыл шеңберінде ақпарат алмасуға ықпал ететін болады. Осыған байланысты құқық қорғау, сот және пенитенциарлық жүйелердің қызметкерлерін, криминалистерді, заңгерлерді, адвокаттарды, соныменбірге экстремистік топтарға қарсы бағытқа тартылған мамандардың кәсіби және ұйымдастырушылық-басқарушылық даярлығын жетілдіру керек.

Қазіргі таңда Қазақстанда экстремизм мәселесіне қарсы күрес халықаралық ынтымақтастық және халықаралық құқық нормаларына сәйкес жүзеге асырылып келе жатыр. Еліміз зорлық-зомбылыққа қарсы шарт тетіктерін одан әрі жетілдіру үшін «Халықаралық лаңкестікке қарсы күрес» туралы жалпы мемлекетаралық конвенцияны қолдап отыр. Осының нәтижесінде еліміз экстремизмге қарсы күресте барлық деңгейдегі (жаһандық, аймақтық және екіжақты) өзара іс-қимылдың қажет екенін түсіне отырып, бірқатар халықаралық және мемлекетаралық шарттар мен келісімдер жасап келеді. Еліміз, бұл өткір де өзекті мәселені одан әрі жетілдіру үшін экстремизмге қарсы күресте өркениетті елдер тәжірибесін қолдай отырып, аймақтық ынтымақтастықты дамытуға үлкен қолдау көрсетері даусыз. Біздің ойымызша, қазіргі таңда халықаралық-құқықтық қатынастар жүйесін дамытуға бағытталған жұмыстардың маңыздылығы зор, өйткені бұл үдеріс экстремизмге қарсы тиімді күрес жүргізуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстанның тарихи және рухани-мәдени дамуындағы діннің рөлі: дәстүр және қазіргі заман. Ұжымдық монография / З.К.Шаукенова және С.Е.Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2016. – 360 б.
2. Бишманов К.М., Асан А.Б. Религиозная толерантность в Казахстане // Сборник материалов Международной научно-практической конференции: Добродетельное общество в наследии аль-Фараби. – Алматы, 2023 года. – С. 93-100.
3. Нұрмағамбетов Б.Ғ. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолдары. Әдістемелік құрал. – Астана: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, 2018. – 51 б.
4. Аташ Б.М. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу шаралары: теориядан практикаға бетбұрыс (әдістемелік нұсқау). – Алматы, 2013. – 88 б.
5. Орумбаева М., Курмангали А. Мировой опыт по противодействию и превенции экстремизма и терроризма // Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет халықаралық ғылыми-талдау журналы. №3 (78) 2021. – Б.156-166.
6. Назаров В.Л., Сулонов П.Е. Профилактика экстремизма в молодежной среде / Министерство науки и высш. образования Рос. Федерации. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2018. – 204 с.
7. Кириленко В.П., Алексеев Г.В. Актуальные проблемы противодействия преступлениям экстремистской направленности // Всероссийский криминологический журнал. 2018. Т. 12, №4. С. 561-571 DOI 10.17150/2500-4255.- 2018. №12(4). - С.561-571.

8. Актуальные проблемы противодействия экстремизму и терроризму на современном этапе //Сборник науч. ст. II Всероссийской научно-практической конференции с международным участием. – Новосибирск, 2023. – 200 с.
9. Атран С. Разговаривая с врагом. Религиозный экстремизм, священные ценности и что значит быть человеком / Пер. с англ. Бюро переводов «Пароль» и Н. Подунова. – М.: Карьера Пресс, 2016. – 608 с.
10. Steffen Kailitz. Politischer Extremismus in der Bundesrepublik Deutschland. Eine Einführung: Wiesbaden: VS Verlag für Sozialwissenschaften 2004, 259 S. URL: <https://www.proquest.com/docview/202937551?sourcetype=Scholarly%20Journals> (accessed on: 23.01.2025).
11. Dyfvermark M.R. Contexts of Radicalization: An Inductive Meta-Analysis of 41 Case Studies of Contentious Elections /M.R. Dyfvermark //Expressions of Radicalization /eds. K.Steiner, A.Onnerfors. - Palgrave Macmillan, 2018. - P. 209-246. DOI: 10.1007/978-3-319-65566-6_8 (accessed on: 05.02. 2025).
12. Ruggiero V. Political Violence and Crime /V. Ruggiero //Oxford Research Encyclopedia of Criminology and Criminal Justice. –New York: Oxford Univ. Press, 2017. – P.1-23. – URL: <https://doi.org/10.1093/acrefore/9780190264079.013.371> (accessed on: 21.02. 2025).
13. Cohen-Almagor R. Confronting the Internet's Dark Side: Moral and Social Responsibility on the Free Highway. Cambridge: Cambridge University Press, 2015. – 400 p.
14. Preventing violent extremism through education. A guide for policy-makers. Paris: UNESCO, 2017. 75 p. URL: <https://doi.org/10.54675/BAUW5133> (accessed on: 23.01. 2025).
15. Haavelsrud M. Education, political socialization and extremism // British Journal of Sociology of Education. Vol. 30, No. 1. Jan., 2009. – Pp. 113-120. URL: <https://doi.org/10.1080/01425690802532807> (accessed on: 23.03. 2025).
16. Hafez M. & Mullins C. The Radicalization Puzzle: A Theoretical Synthesis of Empirical Approaches to Homegrown Extremism // Studies in Conflict & Terrorism. Vol. 38, №1. 2015 – Pp. 958-975. URL: <https://doi.org/10.1080/1057610X.2015.1051375> (accessed on: 23.03. 2025).
17. Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка. М.: ОНИКС, 2009. 1376 с.
18. Большой энциклопедический словарь. М.: АСТ; Астрель, 2003. 1248 с.
19. Informative overview of contemporary international counter extremism and terrorism (situation as on 1 of January 2014). URL: <http://www.why.ind/ver> (accessed on: 12.10. 2024).
20. Gendron A. Criminality, Terrorism and the Changing Nature of Conflict: The Dynamics of the Nexus Between Crime and Terrorism /A.Gendron //The Palgrave Handbook of Security, Risk and Intelligence /eds. R. Dover, H. Dylan, M. Goodman. –Palgrave Macmillan, 2017. –P. 315-333. URL: https://doi.org/10.1057/978-1-137-53675-4_18 (accessed on: 24.02. 2025).
21. Сериков А.В., Венцель С.В. Опыт противодействия молодежному экстремизму в Германии, США и Великобритании: сравнительный анализ // Философия права, 2017, №4(83). – С.43-49.
22. Guiora A., & Park E.A. Hate Speech on Social Media. Philosophia. – 2017. –№45 (3). –P. 957-971. –DOI: 10.1007/s11406-017-9858-4.
23. Christopher Ruddy. The Devil is in the Detail: Assessing Threat-Framing in Violent Extremist Discourses // Studies in Conflict & Terrorism. Vol. 48, №4. 2025 – Pp. 485-504. URL: <https://doi.org/10.1080/1057610X.2022.2101586> (accessed on: 01.04. 2025).

Reference:

1. Qazaqstannyn tarihi jane ruhani-mädeni damuyndağy dinniñ roli: dastür jane qazırgı zaman. Ujymdyq monografia / Z.K.Şaukenova jane S.E.Nurmūratovtyñ jalpy redaksiasymen. – Almaty: QR BGM GK Filosofia, saiasattanu jane dintanu instituty, 2016. – 360 b.
2. Bismanov K.M., Asan A.B. Religioznaia tolerantnost v Kazahstane // Sbornik materialov Mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii: Dobrodetelnoe obşestvo v nasledii al-Farabi. – Almaty, 2023 goda. – S. 93-100.

3. Nurmagambetov B.G. *Dini ekstremizm men terorizmnın aldyn alu joldary. Adistemelik qural.* – Astana: Qazaqstan Respublikasy Bas prokuraturasy janyndagy Quqyq qorgau organdary akademiasy, 2018. – 51 b.
4. Atas B.M. *Dini ekstremizm men terorizmnıń aldyn-alu saralary: teoriadan praktikaga betbúrıs (adistemelik nusqau).* –Almaty, 2013. – 88 b.
5. Orumbaeva M., Kurmangali A. *Mirovoi opyt po protivodeistviu i prevensii ekstremizma i terorizma // Memlekettik basqaru jáne memlekettik qyzmet halyqaralyq gylymi-taldau jurnaly. №3 (78) 2021. –B.156-166.*
6. Nazarov V.L., Suslonov P.E. *Profilaktika ekstremizma v molodejnoi srede /Ministerstvo nauki i vyssh. obrazovania Ros. Federasii. – Ekaterinburg: İzd-vo Ural. un-ta, 2018. – 204 s.*
7. Kirilenko V.P., Alekseev G.V. *Aktualnye problem protivodeistvia prestupleniam ekstremistskoi napravlenosti // Vserossiski kriminologicheski jurnal. 2018. T. 12, №4. C. 561-571*
8. *Aktualnye problemy protivodeistvia ekstremizmu i terorizmu na sovremennom etape //Sbornik nauch. st. II Vserossiskoi nauchno-prakticheskoi konferensii s mejdunarodnym uchastiem. – Novosibirsk, 2023. – 200 s.*
9. Atran S. *Razgovarivaia s vragom. Religiozni ekstremizm, svasennye senosti i chto znachit byt chelovekom / Per. s angl. Buro perevodov «Parol» i N. Podunova. – M.: Karera Pres, 2016. - 608 s.*
10. Steffen Kailitz. *Politischer Extremismus in der Bundesrepublik Deutschland. Eine Einführung: Wiesbaden: VS Verlag für Sozialwissenschaften 2004, 259 S. URL: <https://www.proquest.com/docview/202937551?sourcetype=Scholarly%20Journals> (accessed on: 23.01.2025).*
11. Dyfvermark M.R. *Contexts of Radicalization: An Inductive Meta-Analysis of 41 Case Studies of Contentious Elections /M.R.Dyfvermark //Expressions of Radicalization /eds. K.Steiner, A.Önnerfors. -Palgrave Macmillan, 2018. - P. 209-246. DOI: 10.1007/978-3-319-65566-6_8 (accessed on: 05.02. 2025).*
12. Ruggiero V. *Political Violence and Crime /V. Ruggiero //Oxford Research Encyclopedia of Criminology and Criminal Justice. –New York: Oxford Univ. Press, 2017. –P.1-23. – URL: <https://doi.org/10.1093/acrefore/9780190264079.013.371>(accessed on: 21.02. 2025).*
13. Cohen-Almagor R. *Confronting the Internet's Dark Side: Moral and Social Responsibility on the Free Highway. Cambridge: Cambridge University Press, 2015. -400 p.*
14. *Preventing violent extremism through education. A guide for policy-makers. Paris: UNESCO, 2017. 75 p. URL: <https://doi.org/10.54675/BAUW5133> (accessed on: 23.01. 2025).*
15. Haavelsrud M. *Education, political socialization and extremism // British Journal of Sociology of Education. Vol. 30, No. 1. Jan., 2009. Pp. 113-120. URL: <https://doi.org/10.1080/01425690802532807> (accessed on: 23.03. 2025).*
16. Hafez M. & Mullins C. *The Radicalization Puzzle: A Theoretical Synthesis of Empirical Approaches to Homegrown Extremism // Studies in Conflict & Terrorism. Vol. 38, №1. 2015 – Pp. 958-975. URL: <https://doi.org/10.1080/1057610X.2015.1051375> (accessed on: 23.03. 2025).*
17. Ojegov S.İ. *Tolkovyı slovar russkogo yazyka. M.: ONİKS, 2009. 1376 s.*
18. *Bolsoi ensiklopedicheski slovar. M.: AST; Astrel, 2003. 1248 s.*
19. *Informative overview of contemporary international counter extremism and terrorism (situation as on 1 of January 2014). URL: <https://www.un.org/counterterrorism/> (accessed on: 12.10. 2024).*
20. Gendron A. *Criminality, Terrorism and the Changing Nature of Conflict: The Dynamics of the Nexus Between Crime and Terrorism /A.Gendron //The Palgrave Handbook of Security, Risk and Intelligence /eds. R. Dover, H. Dylan, M. Goodman. –Palgrave Macmillan, 2017. –P. 315-333. URL: https://doi.org/10.1057/978-1-137-53675-4_18 (accessed on: 24.02. 2025).*
21. Serikov A.V., Vensel S.V. *Opyt protivodeistvia molodejnomu ekstremizmu v Germanii, SSA i Velikobritanii: sravnitelnyi analiz // Filosofia prava, 2017, №4 (83). –S.43-49.*
22. Guiora A., & Park E.A. *Hate Speech on Social Media. Philosophia. – 2017. –№45 (3). –P. 957-971. –DOI: 10.1007/s11406-017-9858-4.*
23. Christopher Ruddy. *The Devil is in the Detail: Assessing Threat-Framing in Violent Extremist Discourses // Studies in Conflict & Terrorism. Vol. 48, №4. 2025 – Pp. 485-504. URL: <https://doi.org/10.1080/1057610X.2022.2101586> (accessed on: 01.04.2025).*